Бекітемін
Мектеп директоры:
______ А.С.Абдрахманова

**Жарсай негізгі мектеп-бөбекжай- балабақша кешенінің мектеп алды даярлық тобының 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

| | | |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **19.Тақырыбы:** «Қызықты қыс мезгілі»<br>**Күні:** 04-05.01.24<br>**Мақсаты:**Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.<br><br>**20.Тақырыбы:** «Мен және қошаған орта»<br>**Күні:** 11-12.01.24<br>**Мақсаты:**Қыс мезгілі туралы балалармен әңгімелесу. Қыс қызығы туралы балалардан сұрақ – жауап алмасу. Музыканы тыңдап, | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету<br>**Ән айту:** . Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету<br>**Билер:** қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету<br>**Дидактикалық ойын: 9,10** |

| | | |
|---|---|---|
| | ырғақты сезіне білуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.<br><br>**21.Тақырыбы:** «Қыстайтын құстар»<br>**Күні:** 18-19.01.24<br>**Мақсаты:**Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету.<br><br>**22.Тақырыбы:** «Аңдардың қысқы тіршілігі»<br>**Күні:** 25-26.01.24<br>**Мақсаты:**Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу | |
| **Ақпан** | **23.Тақырыбы:** «Қар пайдасы»<br>**Күні:** 01-02.02.24 | **Музыка тыңдау:** Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Қыс мезгілі туралы балалармен әңгімелесу. Қыс қызығы туралы балалардан сұрақ – жауап алмасу. Музыканы тыңдап, ырғақты сезіне білуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу<br><br>**24.Тақырыбы:** «Техника және біз»<br>**Күні:** 08-09.02.24.<br>**Мақсаты:**Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.<br><br>**25.Тақырыбы:** «Мамандықтар»<br>**Күні:** 15-16.02.24<br>**Мақсаты:** Ән –күйлерді тыңдату, қабылдау,есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету:<br><br>**26.Тақырыбы:** «Шынықсаң шымыр боласың» | әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту:**Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Билер:** балаларға «Қаражорға» биін билету<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Дидактикалық ойын:11,12** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Күні:** 22-23.02.24<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. | |
| **Наурыз** | **27.Тақырыбы:** «Өнер көзі халықта»<br>**Күні:** 01-02.03.24<br>**Мақсаты:**Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.<br><br>**28.Тақырыбы:** «Анамызға мың алғыс»<br>**Күні:** 09.03.24<br>**Мақсаты:**Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу. Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. | **Музыка тыңдау:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер:** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**Дидактикалық ойын:13,14** |

| | | |
|---|---|---|
| | **29.Тақырыбы:** «Салт-дәстүр мен фальклор»<br>**Күні:** 15-16.03.24<br>**Мақсаты:**Киіз үй туралы түсінік беру. Домбыра аспабының ерекшеліктерін түсіндіру. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.<br><br>**30.Тақырыбы:** «Армысың әз-наурыз»<br>**Күні:** 29-30.03.24 өтті<br>**Мақсаты:**Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт – дәстүрлерімен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.<br><br>**31.Тақырыбы:** «Көктемгі ағаштар»<br>**Күні:** 29-30.03.24<br>**Мақсаты:**Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен | |

| | | |
|---|---|---|
| | ұзақтығын білу.Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу. | |
| **Сәуір** | **32.Тақырыбы:** «Көктемгі егістік»<br>**Күні:** 5-6.04.24<br>**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.<br><br>**33.Тақырыбы:** «Ғарышкерлер»<br>**Күні:** 12-13.04.24<br>**Мақсаты:**Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**34.Тақырыбы:** «Аспан әлемінің планеталары»<br>**Күні:** 19-20.04.24<br>**Мақсаты:**Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік | **Музыка тыңдау:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету<br>**Билер:** мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету<br>**Дидактикалық ойын:15,16** |

| | | |
|---|---|---|
| | беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**35.Тақырыбы:** «Жылғалардан су ақты»<br>**Күні:** 26-27.04.24<br>**Мақсаты:**Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. | |
| **Мамыр** | **36.Тақырыбы:** «Бір шаңырақ астында»<br>**Күні:** 3-4.05.24<br>**Мақсаты:**Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту.<br><br>**37.Тақырыбы:** «Бейбітшілік қорғанында»<br>**Күні:** 10-11.05.24<br>**Мақсаты:** Балаларды Отан | **Музыка тыңдау:** әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Ән айту:** әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Билер:** мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | сүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміз тәуелсіздікке қалай жеткендерін әңгімелеп беру. Ардагерлерімізді атау. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.<br><br>**38.Тақырыбы:** «Жер ана»<br>**Күні:** 17-18.05.24<br>**Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу.<br><br>**39.Тақырыбы:** «Табиғаттың гүлденуі»<br>**Күні:** 24-25.05.24<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**40.Тақырыбы:** «Жазда келді көңілді»<br>**Күні:** 31.05.24<br>**Мақсаты:** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Дидактикалық ойын: 17,18,19,20** |

| | | |
|---|---|---|
| | сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту | |